



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ    КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛ-ФАРАБИ    AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

# BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

2014 №2

ӘОЖ 81'367

Ж. Ә. Абдрахманова

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.,  
Алматы қ., Қазақстан  
e-mail:zhaz\_abd@mail.ru

## XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы тіліндегі жаңа фразеологиялық оралымдар

Бұл мақалада эпостық және лиро-эпостық жырларда кездесетін окказионал фразеологизмдердің ерекшеліктері анықталып, жыраулар поэзиясындағы кей тосын тіркестердің қалыпты фразеологизмдер қатарына еніп, жалпы халықтық қолданысқа түсіп кеткендігі көрсетіледі.

Қазақ поэзиясының алқашқы үлгілерін жасаған жыраулар поэзиясында фразеологиялық варианттармен қатар тосын пайда болған окказионал тіркестер де көптеп кездеседі.

Жыраулар поэзиясы кедейлікке, әділетсіздікке, табиғатқа, өмір мен өлімге, заман ағысына, өнерге, адамгершілікке байланысты елбасы және билерге сын айту, туған жерді сипаттауға арналғандықтан, мұндай жырларда мазмұндық, тақырыптық, буын саны, ұйқас түрі, құрылысы жағынан үқсастық басым болады. Дегенмен әр жыраудың өзіндік ерекшелігінің арқасында әртүрлі авторлық жаңа қолданыстар, яғни окказионал тіркестері пайда болып отырған.

Кей жағдайда ақын-жыраулар тіліндегі жеке авторлық фразеологизмдер көнеріп, тілдің пассив қабатына ауысады немесе қайта өңдеу, жаңарту арқылы окказионал варианттары пайда болады.

**Түйін сөздер:** фразеологизм, окказионализм, ақын, жырау, поэзия, тосын тіркестер, ескірген және жаңарған фразеологизмдер, окказионал тіркестер.

Ж. А. Абдрахманова

### Новые фразеологические обороты в поэзии акынов и певцов жырау XV-XVIII вв.

В этой статье будут определены различия окказиональных фразеологизмов, которые встречаются в эпосах и лирических эпосах, а также приведены примеры того, что некоторые случайные сочетания в эпических поэзиях получили общенародное применения как фразеологизмы.

На первоначальных эпических поэзиях казахской поэзии наряду с фразеологическими вариантами часто встречаются и окказиональные сочетания.

Так как эпические поэзии посвящены бедности, неравенству, природе, жизни и смерти, течению времени, искусству, критике глав государств и биев, описанию родной земли, в таких эпосах можно найти схожесть в содержании, теме, числе слогов, рифме и структуре. Однако, в силу характерных различий акынов образовались новые авторские применения или окказиональные сочетания.

В отдельных случаях некоторые авторские фразеологизмы акынов устаревают и перемещаются в пассивную часть языка или путем пересмотра и обновления возникают окказиональные варианты.

**Ключевые слова:** фразеологизм, окказионализм, ақын, жырау, поэзия, случайные сочетания, устаревшие и обновленные фразеологизмы, окказиональные сочетания.

Zh. A. Abdrahmanova

### New phraseological units in poetry poets XV-XVIII centuries

This article will identify occasional phraseological differences that occur in the epic and lyric epics, as well as examples of what some random combinations in epic poetry received nation-wide applications such as idioms.

In the initial epic poetry Kazakh poetry along with phraseological variants frequent and occasional combinations.

The epic poetry devoted poverty, inequality, nature, life and death, the passage of time, art, criticism of Heads of State and biys description of his native land, in such epics can find similarities in content, theme, number of syllables, and rhyme structure. However, due to inherent differences different akyns formed new author or the occasional use of a combination.

In some cases, some author idioms akyns obsolete and moved to the passive part of the language, or by revising and updating occur occasional options.

**Key words:** idiom, occasionalism, akyn, poetry, random combinations, outdated and updated idioms, occasional combinations.

Ақын-жыраулардың ауызша тараған жыр үлгілері фразеологизмдерге бай. Олар қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қазынасын танып қана қоймайды, сол кезеңдегі фразеологизмдердің даму өзгерісін көрсетеді. Халық жырының інжу-маржандары, эпостық жырлар мен ақын-жыраулар поэзиясы, батырлық жырлар ғасырлар бойы ауызша таралып, басым көпшілігі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жиналып, хатқа түскендіктен, қазіргі кезде кейбір жеке сөз тіркестері, тіпті өлең шумақтары әр басылымда әр түрлі беріліп жүр. Бұл бір жағынан қазақ тілінде фразеологиялық варианттардың көптігін білдірсе, екінші жағынан окказионал фразеологизмдерді ажыратуда қиындық туғызады.

Жыраулар тоғауларында кедейлікке, әділетсіздікке, табиғатқа, өмір мен өлімге, заман ағысына, өнерге, адамгершілікке байланысты елбасылар мен билерге сын айту, туған жерді сипаттау дәстүрлі тақырыпқа айналған. Мұнда әр ақын-жыраудың толғау-жырлары мазмұндық, тақырыптық, буын саны, ұйқас түрі, құрылыс жағынан ұқсас келеді. Бірақ әрқайсысының өзіндік ерекше стильдері арқасында түрлі тың авторлық жаңа қолданыстағы окказионал тіркестерді тудырып отырған. Мысалы, Шал ақын:

Көк ала көл, нар қамыс,  
Қар үстінде от жанар.  
Баласы жаман туганның,  
Әкесін түйе үстінде ит қабар [1, 130] -десе,

Марғасқа жырауда:  
Ел жазылып жайлауда,  
Жақсылар кеңес құрғанда.  
Мұртымыз өрге шаншылып,  
Бұрын да сөйлер ме екенбіз. [1, 64] –

деп жырлады.

Осындағы Шал ақынның қар үстінде от жанар, Марғасқа жыраудың мұрты өрге шаншылу сияқты тосын тіркестерін тек өздерінің толғауларында ғана кездестіреміз.

Кезінде жеке қолданыста болған ақын-жыраулар тіліндегі окказионал фразеологизмдердің тең жартысына жуығы қазіргі қолданыста дәл сол қалпында кездеседі. Мысалы: алты ауыз, көз тастау, қабағына қар жану, тіл алу т.б. Бұлардың дәл қалпын сақтау немесе компоненттерінің бірінде аз-кем өзгешеліктер сақталып, ауыздан-ауызға тарап келгендіктен, әр дәуірдің адамдары өз қолданыстарына қарай икемдеп, бастапқы қалпын өзгертулері де мүмкін. «Қай елдің, қай жазушысының қай шы-

ғармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім». [2, 41]

Ал кейбіреулері әдеби тіліміздегі қалыпты фразеологизмдердің қатарына еніп, тұрақтылыққа ие болған. Мысалы: Ы.Алтынсариннің «тастан сарай салғызу», Есет бидің «қанды көйлек жолдас болу», Әйтеке бидің «алты атасын арқалап, жеті атасын жетелеу», Сағындық шешеннің «аузына түкіру» секілді сөз тіркестерінен осы құбылысты байқаймыз.

Ақын-жыраулар поэзиясы тіліндегі біршама фразеологизмдердің мағыналары көмескіленген және қазіргі қолданыста көп айтылмайды. Мысалы: жауырынына қанды көбе симау; құрама шапшақ қымыз; мамық тосату; кірмембес ауыр қан; тобығына тондық ала байлау т.б.

Жыраулар тіліндегі окказионал фразеологизмдердің есім компоненттерінің бірі етістікпен байланысып келеді.

Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүгіріп,  
Жайылар жер жүзіне қырдың суы... [3, 9]

Бүркеніп жалғыз отырсың,  
Бойға жеткен жас бала,  
Ұнатсаң айтқан сөзімді,  
Күлімдеп көзің бері қара! [3, 13]

- Ей, Дат, сенің атың заманыңда қойған Дат еді-ау, есіміңе жесімің лайықты емес, тек бір қоя салған ат еді-ау – деп қазақтың қарттары Даттың бетіне соғып жүре береді. [3, 22]

Бұл мысалдардағы таулардан сулар жүгіру тіркесіндегі «жүгіру» етістігі қазіргі кезде «жүру» етістігімен ауыстырылған, сондай-ақ, «бойға жету»-«бой жету», «бетіне соғу»- «бетіне айту» түрінде өзгертіліп қолданылады.

Есім формасындағы окказионал фразеологизмдер іштей: зат есім мен зат есім тіркесі; сын есім мен зат есім тіркесі; сан есім мен зат есім тіркесі болып бөлінеді. 1. Зат есім мен зат есім тіркесі арқылы жасалатын окказионал фразеологизмдер:

Атадан алтау туганның  
Жүрегіннің бастары  
Алтын менен бу болар. [1, 58]  
Аман болса ағайын,  
Үлкен-кіші жамайым,  
Бәрінің жақсы аманым  
Өзіме келген тіл бағы  
Өнері емес бабаның. [1, 26]

Әкенің айтқан аз сөзін  
Құтысына көңіліңнің

Төгіп алма, дәлдеп күй. [1, 211]  
Тәуекел дариясына бетім жудым,  
Ажалдан қорыққан болсам неге тудым.  
Сол асқа жиналғанға барайын деп,  
Жаратып жалғыз көктің тілін будым. [3, 19]

Ең әуелі ашу керек іштің кірін,  
Іште толып жатпасын сасық ірін.  
Аһ, дарига, іш тазарсын, іш тазарсын,  
Болмаса пайда бермес құры білім... [3, 344]

Толғамалы найзамен  
Толықсып жауға шапқанда,  
Бір озғанмын жұртымнан.  
Ер дұшпаны көп болар,  
Қатын дұшпан, жігіттер,  
Не демес дейсің сыртымнан. [1, 186]

Жүректің басы, көңіл құтысы, тіл бағы көк-  
тің тілі, іштің кірі, қатын дұшпан сияқты тір-  
кестер зат есімнің бір-бірімен тіркесуі арқылы  
туындаған тың қолданыстар.

2. Сын есім мен зат есім тіркесі арқылы  
жасалатын окказионал фразеологизмдер:

Көшкенде көлік болмас түйе алдында,  
Ереуілде сауын болмас бие алдында.  
Ақырған аждаһадай аю келін  
Біз түгіл құдайының ұялды ма. [1, 132]  
Сөз сөйлесімін бөлмелеп,  
Әр нұсқадан термелеп,  
Сөйлеген сайын кетеді  
Қызыл тілім өрмелеп. [3, 239]

Төле Тайкелтірдің болашағын болжайды.  
«Үсақ түйек ауыл арасындағы дау-шар емес, ел  
намысын жібермей, қысылғанда халқына пана  
бола алатын алғыр, ұтымды адам болып өскелі  
түр екен», - депті. (Ш.ш. 97)

Аласа жеңіл, салса ауыр демейтін нар  
Ақылың кең алдияр, ашуың тар. [4, 158]

Осындағы аю келін, қызыл тілі өрмелеу,  
ұтымды адам, ашуы тар, сондай-ақ кең өңеш;  
шырмауығы алтын, сабы жез; тауық жүнді,  
арам сідік сияқты сөз тіркестері сапалық сын  
есімдердің зат есіммен тіркесуі арқылы жаса-  
лынған.

Шеңбердей белі бүгілген,  
Еңіреудей көзі үңілген  
Қоғадай жанын төгілтіп,  
Шортандай бауырын жаратып... [3, 103]  
Өздеріңдей хандардың,  
Қарын жуан билердің,  
Атандай даусын ақыртып,  
Лауазымын көкке шақыртып,  
Басын кесем деп едім. [1, 183]

Шеңбердей белі, бауыры шортандай, атан-  
дай дауыс сияқты окказионал сөз тіркестері  
бір-бірімен қатыстық сын есім мен зат есімнің  
тіркесуінен жасалған.

3. Сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы  
жасалған окказионал фразеологизмдер:

Жарлыны, көне, байдан кем көргені,  
Бетіне бірдей қылып өң бергені.  
Кигізіп төрт қарыс бөз, кесек жастап,  
Құлайдан осы емсе пе тең көргені. [3, 261]

- Ей, жан көке, қайысып түр қабырғам,  
От жанып түр үш жүз алпыс тамырдан. [4, 90]

Он бірінші тілек тіленіз,  
Он бармағы қыналы. [1, 83]

Қара ағашты Ташкенттен  
Мырзаби деген би шықты.  
Екі иінінжеп шықты. [3, 268]

Он кісімен қонасың тым құрғанда.  
Жігіттер шамаң келсе, шалқып, толқы,  
Алпыс тәнің дененде сау тұрғанда. [1, 141]

Етістікті окказионал фразеологизмдер екіге  
бөлінеді:

а) Атау тұлғалы есім мен етістікті окказио-  
нал сөз тіркестері: тас ілу, түн кату, шірік қану,  
мүйіз қысу, ыңғай жарату, ине жіберу, тас кесу  
т.б.

ә) Септік тұлғасындағы есім мен етістікті  
тіркестер: сүбесін суыру, ұрғашыға кенелу, қа-  
бырғасын қысу, денесі тозу, табасы қану, өкпе-  
сін тізу, қабырғасын жару, көзін қашау т.б.

3. Түрлі сөз таптарынан болатын, кемінде  
үш немесе одан да көп компоненттерден құра-  
латын окказионал фразеологизмдер: кеудесін  
жол қылу, үя бөріктеу болу, іші жер сызу, айт-  
қанына қоғам болу, ағыны тас ағызу, отынын  
басында ұру, бұтын отқа қақтау, аузын ұстап,  
санын соғу, өкпең бауыр болсын, миы орта  
түсу т.б.

Ақын жыраулар поэзиясы тіліндегі окказио-  
нал фразеологизмдерді синтаксистік құрылы-  
сына қарай былай жіктеуге болады. Сөз тірке-  
сінің байланысу түрлеріне қарай:

а) қиыса байланысқан окказионал фразео-  
логизмдер: қан шықпас, қазба болу, бұта тыр-  
нау, түйін еті, шоқ байлау, қол келтіру, жең  
жастану, пішін кету, ыбырат алу, ас кету, тозан  
тию т.б.

ә) матаса байланысқан окказионал фразео-  
логизмдер: бауырының асты, көздің өті, өмір-  
дің жүзі, пірдің қолы, орданың үсті, өгіздің

асты, қырдың басы, сәуірдің бұлты, күркелінің бауыры, кедейліктің ортасы, тілдің ұшы, отының басы, жүрегінің бастары, көктің тілі, ішің кірі т.б.

б) меңгеріле байланысқан окказионал фразеологизмдер: басын бәйтерекке созу, ұясын бұлтқа салу, қолындағы аспанды тастау, сүтін бермеу, саясын жақтау, бақтан кішірейту, қазығына тігілу, жерге қағу, көкірегі ілімге толу, сусыны қанға қану, шашын семсермен тарау, бұтын созу, жұмыртқасын шайқалту, отын үрлеу, тұнық жырмен жуыну, тілімен түйілген түйін, бетін жұпармен жуу, тілі шындыққа талмау, саусағын жерге түсірмеу, аруағын боққа бұлғау, мінін балтамен шабу, амалға міну, тілімен қолға қонар, қазығын қалайыдан қақтыру, қанатын тігу, көлденең көмейге тұру, қолы бұлтқа жету, мұрты өрге шаншылу т.б.

в) қабыса байланысқан окказионал фразеологизмдер: саздай таптау, қотыр бура, сүтті жұрт, жел сөзді, кең өңеш, ашуы тар, но бармағы қыналы, қатын дүшпан, көк езу, төбесіне қобыз ойнату, кірпігі кіршік тарту, қанатын теріс соғу, білтеліге дпо салу, жігіттіктің алтын таңы, жауырынынан жел өту, ерні епті болу, керсеніне бал құю, сөзін жібектей өру т.б.

г) жанаса байланысқан окказионал фразеологизмдер: бауыры бұлақсыз болу- бұлақсыз бауыры болу; қолын қиядан көрсету-қиядан қолын көрсету; аспанда ат, пейіште нұр- нұр пейіште, ат аспанда; ауруды қуантпас алтын төсек-алтын төсек ауруды қуантпа; иекке жаны келу- жаны иекке келу; сүйегім тұтам қалғанша- тұтам сүйегім қалғанша; құдайға қолын жеткізу-қолын құдайға жеткізу т.б.

Қазақ поэзиясындағы окказионал фразеологизмдерді анықтау үшін ақын-жыраулар тілінде актив, қазіргі кезде сирек қолданылатын фразеологизмдерді, семантикалық жақтан өзгеріске түскен фразеологизмдерді, архаизм сөздермен келген, мағынасы күңгірт сөздерді ажырата білу керек. Мысалы:

Атадан тудым жалқы боп,  
Жақыннан көрдім талқы көп. [1, 58]

Ниет етсең, жетерсін  
Жетсең тауап етерсің. [3, 40]

Ер қарауын қарауын қарар деп,  
Алыстан қара шалар деп. [1, 28]

Арту, арту бел келсе,  
Атан тартар бүгіліп,  
Алыстан қара көрінсе. [5, 122]

Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір-қонымды жуған жұрт. [5, 71]

Осындағы талқы көру (қиындық көру), ниет ету (көңілі түсу), қара шалу (көзге ілу), қара көріну (көзге шелыну), кіндігімді кескен жұрт (туған жер) т.б. осы типтес тіркестер жыраулар тілінде актив қолданылған. Қазіргі «жер» сөзінің орнына XV-XVIII ғ.ғ. әдеби тілде норма болған «жұрт» сөзі және «кір» сөзінің орнына поэзия өлшемін, буын санын сақтау үшін жинақтық ұғымдағы «кір-қон» сөзі қолданылып тұр.

Қазақ поэзиясының алқашқы үлгілерін жазаған жыраулар поэзиясында сол территориядағы жер-су аттарын ауыс мағынада қолдану жиі кездеседі. Оған Шалкиіз, Қазтуған жыраулардың «анайы тіл», яғни «туған жер» деген мағынаны білдіретін тіркесін жатқызуға болады. Ал Асан қайғы: Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа. (Б.ғ.ж.3 т.28 б.),-десе, Дулат ақын: Кей жақсының мінезі, Еділ менен Жайықтай.(Б.ғ.ж.1 т.66 б.), - деп, Еділ мен Жайықты адамның мінез-күлкына, кең пейілділігіне образды ауыстыру арқылы сәйкестендіріліп берген.

Ақын-жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін фразеологизмдердің варианттылығы мәселесін қарастыру тұрақты тіркестердің поэзиядағы қолданысын ғана айқындап қоймайды, сонымен қатар бірнеше вариантта айтылып жүрген фразеологизмдердің нормалануын және даму дәрежесін, бірнеше вариантта қолдану себебін көрсетеді.

Осы орайда белгілі ғалым М.Серғалиев: «Жазушының қайсысына да қажетті ең басты талаптардың бірі сөз саптау тұрғысынан өзгеге ұқсамайтын ерекшелігінің болуы. Халық тілін байытуға классиктер ғана емес, жазушылықты мұрат еткен адамның қай-қайсысы да үлес қосуға тиіс. Оның аты-сөз қолдануда, жекелеген сөз жасауда, сөз мағынасын жіті аңғарып, жаңа қырымен пайдалануда өзіндік таңбасы болу керек деген сөз» - деген пікір айтады. [6, 6]

Шалкиіздің «мүйізі бұлтқа жете жаздады» деген авторлық тың тіркесі қазіргі кезде «мүйізі қарағайдай» деген вариантта кездессе, Дулат ақынның «етектеп жинау» деген окказионал фразеологизмінің соңғы кезде «қасықтап жинау» секілді варианты кездеседі. Мұндағы «мүйізі бұлтқа жете жаздау», «етектеп жинау» варианттары тілдің пассив қабатына кеткен. Ал лексикалық варианттары тұтас сөздердің алмасуы арқылы, яғни образдарының өзгерісі арқылы жасалады. Тілдің дамуымен қатар фразеологизмдер де дамып, ортамен бірге өзгеріп отырады. XV-XVIII ғ.ғ. ақын-жыраулар тіліндегі жеке авторлық фразеологизмдер көнеріп,

тілдің пассив қабатына ауысады немесе қайта өңдеу, жаңарту арқылы окказионал варианттары пайда болады. Мысалы: Бұқар жырау тіліндегі киген тоның түлкі етер, жаулық жолын сүймеу, жаулық сағынбау, су тілесе, бал беру; Шал ақын тіліндегі мойынға бөз ілу, асына қылшық тұрмау, қара саба ас кету; Жанак ақынның тіліндегі дақ салмай кету, тұқымы тұқыл болу; Дулат ақынның қасқыр тартып, қан шығу, мүйізі танадай болу, жырдан алқа тағу; Шалкиіз жыраудың көз үстінде қасы болу, сақалына сары піркей ұялау; Махамбеттің қатын дүшпан, тептер үшін тебісу, сүйегім тұтам қалғанша деген тәрізді тіркестері көне-

ріп, көбісінің компоненттер аясы кеңіп, я тарылып, жаңа мағынаға ие болған окказионал варианттары кездеседі.

Бұл тұста ауызекі сөйлеу тіліндегі мақал-мәтелдердің қалыптасуы, олардың құрылымдық жүйесін талдай отырып, компонент құрамындағы қолданыс ерекшеліктерін сөз еттік. Сондай-ақ эпостық жырлар мен лиро-эпостық жырларда кездесетін окказионал фразеологизмдердің айырым белгілерін көрсетіп, жыраулық поэзия өкілдерінің шығармашылығындағы жеке қолданысқа тән сөз орамдарының тілдік құрылымын морфологиялық талдау жасау арқылы ашып көрсетуге тырыстық.

#### Әдебиеттер

- 1 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1. – 256 б.
- 2 Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы, 1975. – 41 б.
- 3 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.2. – 336 б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т. 3. – 352 б.
- 5 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Редакциялық коллегия. – Алматы: Ғылым, 1982. – 193 б.
- 6 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. – 172 б.

#### References

- 1 Bes ғasyr zhyrlaydy: HV ғasyrdan HH ғasyrdyң bas kezine deyingi қазақ ақын zhyraularynyң shyғarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1984. – T.1. – 256 b.
- 2 Aytbaev Ө. Audarmadary frazeologiyalyқ құbylyс. – Almaty, 1975. – 41 b.
- 3 Bes ғasyr zhyrlaydy: HV ғasyrdan HH ғasyrdyң bas kezine deyingi қазақ ақын zhyraularynyң shyғarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1984. – T.2. – 336 b.
- 4 Bes ғasyr zhyrlaydy: HV ғasyrdan HH ғasyrdyң bas kezine deyingi қазақ ақын zhyraularynyң shyғarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1985. – T. 3. – 352 b.
- 5 XV-XVIII ғasyrlardary қазақ poeziyasы. Redaktsiyalyқ kollegiya. – Almaty: Fylym, 1982. – 193 b.
- 6 Serraliev M. Kөрkem әdebiet tili. – Almaty: Mektep, 1995. – 172 b.